

Б.Ш. Байжуманов

«ТУҒАН ЖЕР» БАҒДАРЛАМАСЫ ЖАЛПЫҰЛТТЫҚ ПАТРИОТИЗМНІҢ НАҒЫЗ ӨЗЕГІ

ПРОГРАММА «РОДНАЯ ЗЕМЛЯ» – ОСНОВНОЙ СТЕРЖЕНЬ ОБЩЕНАЦИОНАЛЬНОГО ПАТРИОТИЗМА THE PROGRAM «NATIVE LAND» AS THE MAINSTAY OF NATIONAL PATRIOTISM

В статье рассматриваются основы государственной программы «Туған жер (Родная земля)» как основной стержень общенационального патриотизма.

Ключевые слова: патриотизм, национальные ценности, государственная программа, родная земля.

The article deals with the foundations of the state program «Native Land» as the main thrust of national patriotism.

Keywords: patriotism, national values, state program, native land

ЕНУ им. Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан.

Елбасы Н. Назарбаев «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласында еліміз мықты, әрі жауапкершілігі жоғары Біртұтас Ұлт болу үшін болашаққа қалай қадам басуға болатыны жайлы және бұқаралық сананы қалай өзгертуге болатындығы туралы өз көзқарастарын ортаға салған болатын. Онда таяу жылдарда орындалуға қажетті міндеттерді атап өтеді. Соның бірі – «Туған жер» бағдарламасын қолға алуды ұсынады. Бағдарлама неге «Туған жер» деп аталады? Адам баласы – шексіз зерденің ғана емес, ғажайып сезімнің иесі. Туған жер – әркімнің шыр етіп жерге түскен, бауырында еңбектеп, қаз басқан қасиетті мекені, талай жанның өмір-бақи тұратын өлкесі. Оны қайда жүрсе де жүрегiнiң түбiнде әлдилеп өтпейтiн жан баласы болмайды. Туған жерге деген сүйiспеншiлiктi, жалпы, бағдарламаның мәнін бiрiншiден, бiлiм беру саласында ауқымды өлкетану жұмыстарын жүргiзудi, экологияны жақсартуға және елдi мекендердi абаттандыруға баса мән берудi, жергiлiктi деңгейдегi тарихи ескерткiштер мен мәдени нысандарды қалпына келтiрудi көздейдi, – дей келе, Патриотизмнің ең жақсы үлгiсi орта мектепте туған жердiң тарихын оқудан көрiнiс тапса игi деп нақтылайды. Осылайша «Туған жер» бағдарламасы жалпыұлттық патриотизмнің нағыз өзегiне айналады дегендi айтады.

Туған жер бағдарламасы бойынша өлкетану механизмі тек сабақ барысы мен оқыту үрдісінен ғана тұрмайтыны белгілі. Олай болса, туған елге сүйіспеншілікпен қарау, ұлттық рухты бойымызда

сактап қалу – өлкеміздің кең байтақ жерінде, экологиялық таза ауада спорттық іс-әрекеттермен шұғылдану арқылы да жүзеге асыруға болады. Сондықтан, жастардың кіндік қаны тамған туған жерінің жұпар иісіне сүйсіне отырып, ауылдағы табиғи спорттық құрал-саймандарды пайдалана отырып дене шынықтыру мен спорттық жаттығуларды орындау – адам ағзасын шынықтырады, рухани тазартады.

Жас балаларды ауылда компьютерлік техникалық құралдарға немесе телефонға құмарлықты болдырмастан, туған өлкеміздегі табиғи пайдалы заттарды колөнер арқылы қайта өңдеу негізінде спорттық құралдар сынды пайдалы өнім жасауға баулыған жөн. Ауылдағы табиғи заттардың көмегімен өздерінің қолдарымен жасалған құралдарымен спорттық жаттығулар орындау мүмкіншіліктерін кеңейтуге жол ашылады.

Патриотизмнің дамуының негізі – спорттық іс-әрекет десек, балалар өздерінің туған жерінде дене жаттығуларын сүйіп орындайды. Ал туған жерінде асыр салып ойнау арқылы өз елінің патриоты бола алады. Сол арқылы – өзіндік ар-намысы жетіліп, рухы күшейеді. Спорттық жаттығулар арқылы ерік-жігерін, рухани күш-жігерін дамыта алады. Бұл қасиеттер, әлбетте кез-келген адам үшін қашанда да үлкен құрметке ие. Сонымен қоса, патриот болып тумайды, қалыптасады және қарыштап дамушы мемлекетте патриоттық тәрбиені шығармашылық процесс деп қана бағалауға болмайды. Бұл жастардың еліміздің болашағы үшін күрес, мәжбүрлі көшіп-қону, қылмыстың өсуі, нашақорлық, маскүнемдік және экстремистік, террористік және т.б. арам пиғыл тәрізді теріс құбылыстармен күрес.

Патриотизм табиғатты, қоршаған әлемді, туған қаланы, көшені, үйді қастерлеу, үлкенді, өз халқының, отбасы дәстүрлерін сыйлауда көрініс табады. Осының бәрін бала кезден дарыту керек. Патриоттық сезім отбасынан басталады. Отбасында табиғатты, қоршаған әлемді қастерлеу қалыптасады. Өркендеуге, патриоттарды тәрбиелеуге тырмысатын қоғамда басты бағдар – отбасы құндылықтары, басты міндет – оның толыққанды өмір сүруіне жағдай жасау. Отбасы – бұл мемлекет негізі. Өз тегінді жетінші ұрпаққа дейін білу алла қолдайтын іс. Сондықтан бүгінгі күні идеологиялық кеңістік кезеңінде тәрбие жүйесінде негізінде азаматтық адамгершілік, өзінің тарихын, жақынын, отбасын, мектебін, сыныбын, қаласын мақтан тұтатын азаматтық патриотизм ерекше маңызға ие болады.

Соның негізінде патриотизм мен туған жерге деген сүйіспеншілік егеменді Қазақстанның дамуы мен нығаюындағы маңызды фактор болып қалады.

Литература

1. URL: http://www.akorda.kz/kz/events/akorda_news/press_conferences/memleket-basshysynyn-bolashakka-bagdar-ruhani-zhangyru-atty-makalasy.

2. URL: <http://www.adilet.gov.kz/kk/leaflet/patriotizm-zhne-azamattylyk-egemendi-kazakstannyn-damuy-men-nygayuundagy-manyzdy-faktor>.